

Бекітемін:   
Мектеп директоры: Л.Ж.Амангалиева

24.05.2022 ж

Келісемін:   
Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Ойыл ауданының білім бөлімінің басшысы: С.Т.Меруенов

24.05.2022 ж

**«Қарасу негізгі мектебі» КММ бойынша 2021-2022 оқу жылындағы  
9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау кестесі**

№	Пән атауы	Күні	Уақыты	Түрі	Жауапты мұғалім	Ассисенттер
1	Қазақ тілі	28 мамыр	9 <sup>00</sup> -11 <sup>00</sup>	Жазбаша	Бітімбаева А	Жұмашева М Аймұхамбетова А
2	Математика (алгебра)	31 мамыр	9 <sup>00</sup> -12 <sup>00</sup>	Жазбаша	Утемисова Г	Арынғазы Г Нұрғалиева А
3	Орыс тілі	3 маусым	9 <sup>00</sup> -11 <sup>00</sup>	Жазбаша	Жолдығалиева Г	Арынғазы Г Аймұхамбетова А
4	Биология	6 маусым	9 <sup>00</sup> -11 <sup>00</sup>	Ауызша	Нұрғалиева А	Смайлова І Арынғазы Г

Орындаған: Наубетов М.С



# 2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі № 159 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 сәуірде № 27702 болып тіркелді.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14)

тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;

3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығы.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

4) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 6 маусым;

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) қазақ/орыс/ұйғыр/тәжік/өзбек тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі (ағылшын/француз/неміс), Информатика) бойынша жазбаша емтихан - 2022 жылғы 10 маусым.

4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, сондай-ақ республикалық орта білім беру ұйымдары осы бұйрықтың, "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы



Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10-сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін, республикалық орта білім беру ұйымдарының 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2022 жылғы 21 мамырға дейін жеткізуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

8. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*А. Аймағамбетов*



**Бұйрық**

**№ 6**

**Приказ**

030906 Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу ауылы, Алашорда № 2 тел: 73-4-89  
030906 Актобинская область, Уилский район, село. Карасу, ул. Алашорда № 2 тел 73-4-89  
«31» қаңтар 2022 жыл


**Қорытынды аттестаттауды өткізу**

**және ұйымдастыру туралы**

Ойыл ауданының білім бөлімінің «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі» қағидалары» туралы 28.01.2022 жылғы №36 бұйрығын басшылыққа ала отырып,

**Бұйырамын:**

1. 2021-2022 оқу жылында мектеп бітіретін оқушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін тиісті шараларды ұйымдастыру мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрамы бекітілсін:
  - 1.1 Амангалиева Лаззат Жумагалиевна-мектеп директоры, комиссия төрағасы
  - 1.2 Наубетов Мұрат Саматұлы –оқу ісі орынбасары, комиссия мүшесі
  - 1.3 Арынғазы Г.Қ- жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
  - 1.4 .Аймұхамбетова А.А-гуманитарлық бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі
  - 1.5 . Дуйсегалиев А.Т-Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. Комиссия мүшелеріне қорытынды аттестаттауды өткізу мәселелері бойынша тиісті ақпараттық жұмыстарын жүргізу, қорытынды аттестаттауды сондай-ақ тестілеуді өткізуге байланысты жұмыстарды ұйымдастыру, апелляцияға түскен ұсыныстардың негізділігін қарау және нақты шешім қабылдау тапсырылсын.
3. Қорытынды аттестаттау Комиссиясының аталған қағидаға сәйкес жұмыс істеуіне басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  Л.Ж.Амангалиева





**Бұйрық**

**№ 14/1 н-к**

**Приказ**

030906 Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қарасу ауылы, Алашорда № 2 тел: 73-4-89  
030906 Актюбинская область, Уилский район, село. Карасу, ул Алашорда № 2 тел 73-4-89

« 24 » мамыр 2022 жыл

### **9-сынып білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу туралы**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген ( өзгерісі 12.05.2022 №193) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, олардың аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларының « 4-тарау 50-2 тармақшасына сәйкес және «Қарасу негізгі мектебі» КММ педагогикалық кеңесінің шешімі (24.05.2022 ж хаттама №5) негізінде **Бұйырамын:**

1. 2021-2022 оқу жылын мектептегі мектеп алды, 1-9-сыныптарда оқу сабақтары 2022 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
2. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламасын меңгерген 9-сыныптардың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары 2022 жылғы 28 мамыр -6 маусым күндерінде өткізілсін.
3. 9-сынып білім алушылардың қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері төмендегідей бекітілсін:
  - 1) Қазақ тілі мен әдебиеті жазбаша (эссе)-28 мамыр
  - 2) Математика жазбаша -31 мамыр
  - 3) Орыс тілі мен әдебиеті жазбаша -3-маусым

4. Білім алушылардың қорытынды аттестаттауда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерісімен ( өзгерісі 21.10.2020 №453) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, олардың аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары қатаң басшылыққа алынсын. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі оқу ісі орынбасары М.Наубетовке жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  Л.Аманғалиева

Таныстым,  М.Наубетов